

## ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

*Лексикалық тақырып: Отан отбасынан басталады.*

### Отан отбасынан басталады

«Отан отбасынан басталады» деп айтып кеткен ата-баба сөзінде терең мән-мағына жатыр. Шын мәнінде, әрбір отбасы өзінше бір Отан.

Отан дегеніміз - ол біздің жанымыз жабырқағанда, қуанышқа бөленгенде ішкі тебіреністерімізді бөлісетін және өзімізді ең еркін, жайлы сезінетін баспана, жылы ұямыз. Отбасы шағын Отан. Оның басшысы отбасының қамқоршысы мен тіреуі – әке. Әке отбасына қатысты бар мәселелерді шешіп, өз отбасының намысын қорғау жолында бар күш-жігерін салады. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің де өзіндік атқаратын міндеттері бар. Баршамыздың осы ұядан ұшып шығатынымыз шындық. Отбасына деген сағыныштың жүрек түкпірінде мәңгілік сақталатыны, оның бізді ақ үрпек балапан шағымыздан жылы бауырына басатыны, бізді мәпелеп, өмірдің қатал заңына тәрбиелейтіні.

Сондықтан отбасы мүшелері бір-бірі үшін жанын қиюға да даяр тұрады. Сол сияқты Отанды қорғау да әр азаматтың азаматтық парызы. Отанымыз алдындағы азаматтық борышымызды орындау мақсатында бар күш-жігерімізді салып аянбай еңбек етсек, бір-бірімізбен етене жақын болсақ, 17 біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін дейтін тамаша бірлікті сақтай алсақ, онда біз бағындармайтын биік жоқ.

#### Сөздік

жабырқау - уныние

қуаныш - радость

ішкі тебіреністер – внутренние волнения

қамқоршы - помощник

тірек - опора

намысын қорғау - защищать гордость

мәңгілік - вечность

күш-жігер - вся сила

еркін - свободно

жайлы - удобно

баспана - жилье

ұя - гнездо

шағын - малый

сағыныш - тоска

борыш - долг

бағындыру - подчинить

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.**

**2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. «Отан отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесіз?
2. Отбасы кімнің қорғауында болады?
3. Отбасының қамқоршысы мен тіреуі кім?
4. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы қандай болуы керек?
5. Отбасы мүшелерінің құқы туралы не білесіз?
6. Отбасы туралы Заңмен таныссыз ба?
7. Отбасының маңыздылығы неде?